

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
студенттерінің кәсіптік практикадан өту туралы

Е Р Е Ж Е

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғылыми-
әдістемелік кеңесінде талқыланып, бекітілді.
(Хаттама № 6 07.06.2016ж.)

2. МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Жалпы ережелері	5
4	Кәсіптік практика мазмұны	6
5	Оқу (оқу-таныстыру) практикасы	6-7
6	Өндірістік практика	7-8
7	Педагогикалық практика	8-9
8	Диплом алды практикасы	9
9	Кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда практиканы ұйымдастыру	10
10	Практиканы қорытындылау	11

1. Қолдану саласы

Бұл Ереже студенттердің кәсіби практикасын ұйымдастырудың бірыңғай талаптарын реттейді.

Ереже студенттердің кәсіби практикаларын ұйымдастыру мен өткізуге тікелей қатысы бар университеттің барлық құрылымдық бөлімдеріне арналып жасалған.

2. Нормативтік сілтемелер

Ереже төменде көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген:

1. Қазақстан Республикасының 27.07.2007ж. № 319-III «Білім туралы» Заңы (01.09.2016 ж. өзгертулері мен толықтыруларымен);

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысы;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген, 13.05.2016ж №292 толықтырулар мен өзгерістер енгізілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

4. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығы.

5. Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының және кәсіптік практикадан өткізуге арналған үлгілік шарт нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығы.

Жалпы ережелер

Кәсіптік практика білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады сонымен қатар теориялық білімдерін бекітуге, практикалық дағдылары мен құзыреттіліктерін қалыптастыруға, озық тәжірибені игеруге бағытталған. Кәсіптік практиканың барлық түрінің жалпы көлемі 6 кредиттен кем болмауы тиіс.

Кәсіптік практика оқу жұмыс бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларына сәйкес оқу (таныстыру), педагогикалық, өндірістік және диплом алды түрлеріне айқындалған.

Кәсіптік практиканың әр түрінің мақсаты, міндеттері мен бағдарламасы бар, оларға байланысты кәсіптік практиканың тиісті базасы айқындалады.

Білім алушыны кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу, өту мерзімдерін, практиканың базасы мен жетекшісін көрсете отырып, оқу орнының оқу ісі жөніндегі проректоры-бірінші проректорының бұйрығымен рәсімделеді.

Білім алушыларға Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдама беріледі.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны стандарттармен, үлгілік және оқу жұмыс жоспарларымен және бағдарламалармен айқындалады.

Білім алушының кәсіптік практикалары академиялық күнтізбеге сәйкес өткізіледі. Кәсіптік практиканың келісім шарттары практиканың базасымен, практика басталғанға бір ай бұрын кеш емес мерзімде жасалады. Кәсіптік практикалардың барлық түрлері бойынша бағдарламаларды ҚР МЖМБС негізінде кафедралар практика базалары басшыларымен келісе отырып әр бір білім алушыға дербес әзірлейді және университеттің оқу ісі жөніндегі проректоры-бірінші проректоры бекітеді.

Білім алушылардың кәсіптік практиканы өткізу үшін базасы ретінде жарғылық қызметі мамандарды даярлаудың бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін ұйымдар айқындалады.

Кәсіптік практиканың базасы ретінде айқындалған ұйыммен білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізуге арналған үлгілік шарттың нысаны негізінде құрастырылған кәсіптік практика түрі көрсетілген, оны өткізу туралы үш жақты жеке дара шарттар және кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидаларының қосымшаларына сәйкес нысандары бойынша жасалады. (1,2,3 Қосымшалар).

Білім алушыларды кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу, өту мерзімдерін, практика базасы мен жетекшісін көрсете отырып, Қорқыт Ата

атындағы ҚМУ-нің оқу ісі жөніндегі проректор-бірінші проректордың бұйрығымен практика басталудан 1 ай бұрын рәсімделеді.

Практикалардың жетекшілері ретінде мамандықтың ерекшелігін және практика базасының қызметін жақсы білетін, креативті кәсіби ойлайтын, оқытушыларға сұраныс байқауынан өткен кафедралардың тәжірибелі оқытушылары тағайындалады.

Практика жетекшісі бағдар беру және қорытынды конференцияларын ұйымдастырады, практика бағдарламасына сәйкес кеңестер өткізеді, практиканың өтілу барысына бақылау жүргізеді, практика бойынша есептерін тексеріп, қорғау жұмыстарын жүргізеді.

4. Кәсіптік практика мазмұны

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нде кәсіптік практиканың негізгі түрлері оқу, (танысу) педагогикалық, өндірістік және диплом алды практикалары болып табылады.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны стандарттармен, үлгілік және оқу жұмыс жоспарларымен және бағдарламаларымен айқындалады.

Кәсіптік практиканың бағдарламасы практика базалары ретінде айқындалған кәсіпорындармен мекемелерімен, ұйымдарымен келісіледі және оқу орнының басшысымен бекітіледі.

Кәсіптік практиканың оқу- әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін, практикаға жетекшілік жасау, онын жүргізілуін, орындалуын бақылау арнайы кафедралар жүргізеді.

Өндірістік практикасының қорытындысы бойынша білім алушылар кафедраға есеп тапсырады, оны практика жетекшісі тексереді және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссияның алдында қорғайды. Есепті қорғау нәтижелері №125 бұйрыққа сәйкес бағалардың балды-рейтингтік әріпті жүйесі бойынша бағаланады.

4.1. Оқу, оқу-таныстыру практикасы

Оқу(танысу) практикасының мақсаты оқыту процесінде алынған теориялық білімдерді бекітуді және тереңдетуді, зерттеу қызметінің алғашқы дағдыларына ие болуды, іскерлік хат алмасуды жүргізуді машықтарды қамтитын бастапқы кәсіби құзыреттерді игеру, оқитын мамандыққа сәйкес қызметтің практикалық машықтар мен дағдыларды игеру болып табылады.

Оқу практикасы барлық мамандықтардағы білім алушылар үшін өткізіледі және 1- курста ұйымдастырылады.

Нақты пәндік саланың ерекшелігіне және болашақ маманның кәсіптік біліктілігіне байланысты оқу практикасының танысу, далада өтетін, экскурсиялық, бағдарлы, мектеп есептеу, пленэр және т.б. түрлерін ажыратады.

Оқу (танысу) практикасы болашақ кәсіптік қызметінің нысаны болып табылатын ұйымда танысу экскурсияларын қамти отырып жоғары оқу орындарында өткізіледі.

Оқу практикасы аталған мамандық бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын арнайы кафедраға бекітіледі.

Тілдік практиканың мақсаты білім алушыларда ауызша және жазбаша аударудың дағдыларын, іскерлік мен достық қарым-қатынас дағдыларын, соның ішінде оқытылатын тілдердің сөйлеушілерімен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Тілдік практика тілдерді білетін кадрларды даярлайтын және көптілді білім беретін мамандықтарда білім алушылар үшін жүргізіледі, сондай-ақ мамандыққа байланысты білім алушылардың оқуды аяқтағанына дейін 2 курстан бастап ұйымдастырылады.

4.2. Өндірістік практика

Өндірістік практика барлық мамандықтардағы (педагогикалық мен тілдік мамандықтарынан басқа) білім алушылар үшін жүргізіледі және білім алушылардың оқуды аяқталуына дейін 2 курстан бастап ұйымдастырылады.

Өндірістік практика оның мазмұнына байланысты арнайы кафедраның немесе нәтижесінде аталған өндірістік практика түрінің объектілері болып табылатын теориялық оқытуды жүргізетін кафедраға бекітіледі.

Өндірістік практиканың бағдарламасы мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушыларда кәсіби мағыналы машықтарды өндіруге және кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес арнайы құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

Өндірістік практиканың мақсаты білім алушылардың кәсіби құзыретін бекіту, кәсіби қызметінің практикалық дағдылары мен тәжірибені игеру және болашақта жұмысқа орналасу болып табылады.

Өндірістік практикалар өнеркәсіп, қаржы-банк саласындағы мекемелерде, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, мемлекеттік мекемелерде және тағы да басқа түрлі меншіктегі компаниялар мен фирмаларда ұйымдастырылады.

Өндірістік практиканың базасын белгілеу оқытылатын мамандықтың арнайы пәндер циклына (мамандандырылуына) және мамандықтың кәсіптік қызметтеріне байланысты жүзеге асырылады.

Өндірістік практикасының қорытындысы бойынша білім алушылар кафедраға есеп тапсырады, оны практика жетекшісі тексереді және тиісті факультет

деканының өкімімен құрылған комиссияның алдында қорғайды. Есепті қорғау қорытындысы сандық балды–рейтингтік әріптік баға жүйесімен бағаланады.

4.3. Педагогикалық практика

Педагогикалық практиканың мақсаты жалпығылыми, культурологиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту және тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

Педагогикалық практика бүкіл оқу мерзімі бойы әр курста өткізіледі және:

- 1) 1-курстың білім алушыларының педагогикалық практикасын;
 - 2) 2-курстың білім алушыларының психологиялық-педагогикалық практикасын;
 - 3) 3-курстың білім алушыларының оқу-тәрбиелік педагогикалық практикасын;
 - 4) 4-курстың білім алушыларының өндірістік педагогикалық практикасын;
- Педагогикалық практика үздіксіз болып табылады және теориялық оқытуымен қатар өткізіледі.

Педагогикалық практиканың базасы:

- 1) мектепке дейінгі ұйымдар;
- 2) жалпы білім беру (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта ұйымдары);
- 3) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

Педагогикалық практика педагогика кафедрасымен бірлесіп арнайы кафедраға бекітіледі.

Педагогикалық практиканың қорытындысы бойынша білім алушылар кафедраға есеп тапсырады, оны практика жетекшісі тексереді және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссияның алдында қорғайды. Есепті қорғау қорытындысы балды–рейтингтік әріптік баға жүйесімен бағаланады.

4.4. Диплом алды практикасы

Диплом алды практика дипломдық жұмысты (жобаны) орындайтын білім алушылар үшін ұйымдастырылады.

Диплом алды практиканың мақсаты дипломдық жұмысты (жобаны) жазудың аяқталуы болып табылады.

Диплом алды практиканың негізгі міндеттері:

- 1) дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау;
- 2) дипломдық зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтері мен практикалық материалдарды талдау;
- 3) дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбы бойынша қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау;

4) дипломдық жұмысты немесе есепті белгіленген талаптарға сәйкес рәсімдеу болып табылады.

Диплом алды практика жеке оқу жоспарына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) немесе есепті орындалатын барлық мамандықтардың түлектері үшін бітіруші курста өткізіледі.

Диплом алды практика бойынша басшылықты әдеттегідей дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі жүзеге асырады.

Диплом алды практиканың мазмұны дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбымен айқындалады.

Диплом алды практиканың ұзақтылығы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес дипломдық жұмысты жазуға берілген кредиттер санымен айқындалады.

Диплом алды практиканың қорытындылары арнайы кафедра ұйымдастыратын дипломдық жұмысты алдын ала қорғауда қорытындыланады.

Дипломдық жұмысты жобасын алдын ала қорғау кафедра отырысында өткізіледі және хаттамамен ресімделеді.

5. Практика бағдарламасы

Кәсіптік практиканың бағдарламасы практика базалары ретінде айқындалған кәсіпорындарымен келісіледі оқу орнының басшысымен бекітіледі.

Кәсіптік практиканың бағдарламасы өз мазмұны бойынша мамандықтың бейінін, практика түрінің ерекшелігін, кәсіби стандарттардың және білім беру бағдарламасының талаптарын, ұйым қызметінің, технологиялық процестің және практика нысанының сипатын көрсетеді.

Кәсіптік практиканың бағдарламасы мерзімді жаңартылады және ғылым мен техниканың замануи жетістіктерін, практика базасында қолданылатын инновациялық технологияларды қамтып көрсетеді.

Кәсіптік практиканың бағдарламасын жаңарту және қайта бекіту тетігін оқу орны айқындайды.

Оқу практикасының бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына және мамандықтың бейініне сәйкес әзірленеді.

Тілдік практиканың бағдарламасында білім берудің деңгейлі моделі мен шет тілдерді меңгерудің және көптілді білім беру қағидаларының талаптарын есепке алу керек.

Педагогикалық практиканың бағдарламасы мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушыларда кәсіби мағыналы машықтарды жасауға және мұғалім мен педагогтың педагогикалық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Кәсіптік практиканың басқа түрлерінің бағдарламалары аталған мамандық бойынша мамандарды даярлайтын арнайы кафедралары әзірлейді.

6. Практиканы ұйымдастыру және басқару

Білім алушыларды кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу, өту мерзімдерін, практика базасы мен жетекшісін көрсете отырып, оқу орнының оқу ісі жөніндегі проректор-бірінші проректордың бұйрығымен рәсімделеді.

Бітіруші курстың жекелеген білім алушылары практикадан өту үшін Қызылорда қаласынан тыс кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелерге, келешекте жұмыспен қамту жөніндегі немесе студентті практика орнымен қамтамасыз ету туралы сол ұйым немесе мекеме басшысының сұраныс-хатына сәйкес жолдануы мүмкін.

Білім алушылар практика өту барысында базалық кәсіпорында бұйрық арқылы бөлімшелерге бөлінеді.

Базалық кәсіпорын жетекшілері тікелей жұмыс орнында жоғары білікті және іскерлік қасиеті бар қызметкерлер арасынан тағайындалады. Практика нәтижесі бойынша білім алушы есебің дайындап кафедрадағы комиссия мүшелерінің алдында қорғайды.

Сырттай оқу нысандарында оқитын білім алушылар мамандық бойынша жұмыс істесе практикадан босатылады. Бұл жағдайда білім алушылар университетке жұмыс орнынан оның кәсіби қызметі туралы анықтама және мінездеме тапсырады.

Өз мамандығы бойынша жұмыс жасамайтын сырттай оқыту түрінде оқитын студенттер практикалардың барлық түрлеріне тандаған мамандығы бойынша жұмыс жағдайларымен танысуға және дипломдық жұмысқа (жобаға) қажетті материалдар жинауға бекітілген тәртіппен жіберіледі.

Бітіртуші кафедралар студент-практиканттарды және практика өтіліп жатқан кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелерді практика бағдарламасымен қамтамасыз етеді. Практика басталғанға дейін бітіртуші кафедра нұсқаулық конференцияның өтілуін қамтамасыз етеді.

Практикаларды өткізу және ұйымдастыру жауапкершілігі бітіртуші кафедралар мен оқу үдерсін ұйымдастыру бөліміне, ал практикалардың өтілуін жалпы үйлестіру Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке жүктеледі.

7. Практиканы қорытындылау

Практика аяқталғаннан кейін білім алушы практика қорытындысы бойынша тиісті кафедраға практика жетекшісі мен консультанты тексеретін және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссияның алдында қорғалатын есепті ұсынады.

Есепті қорғау нәтижелері №125 бұйрыққа сәйкес бағалардың балдық-рейтингтік әріпті жүйесі бойынша бағаланады.

Есепте орындалған жұмыс туралы мәліметтер көрсетіліп, тәжірибе базасының қысқаша сипаттамасы беріледі, сонымен қатар есепте мамандық бағыты бойынша атқарған қызметінің талдауы, қорытындылар мен ұсыныстар болуы керек.

Есепке қосымша ретінде:

- қол қойылған және мөр басылған кәсіпорындағы практика жетекшісінің білім алушының жұмысы туралы пікірі;
- практика өтілген кәсіпорынның басшысы қол қойып бекіткен, мөр басылған жұмыс жоспар-кестесі;
- практиканың күнделік- есебі;
- өз бетінше орындаған жұмыстары туралы мәліметтер тіркеледі.

Практиканың мерзімі біткен соң кәсіпорын жетекшісінен мінездеме алғаннан кейін, кафедра меңгерушісі бекіткен комиссия алдында білім алушы -практикант есебін қорғайды.

Кәсіби практика бойынша бағалау нәтижесі практика ведомосына қойылады. Академиялық рейтинг ведомосы Оқу процесінің тіркеу офисына тапсырылады. Кәсіби практикадан денсаулығына байланысты немесе басқа да дәлелді себеппен өтпеген студенттер үшін оқу ісі жөніндегі проректор-бірінші проректордың бұйрығымен жеке мерзімде практикадан өтуге мүмкіндік беріледі.

Кәсіби практиканы себепсіз өтпеген немесе «F қанағаттанарлықсыз» бағаны алған студенттер үшін ол академиялық қарыз болып есептеледі, сондықтан практиканы келесі академиялық кезеңде теориялық білім алуымен қатар немесе жазғы семестр кезінде қайта өтеді.